

Жылыой ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі "Жылыой ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" № 95 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 10 ақпандағы № 37 қаулысы. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 117 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 07.04.2023 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 26-бабына сәйкес Жылыой ауданы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жылыой ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі "Жылыой ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" № 95 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4125 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әдістеде:

5-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.";

41-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет

персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Жылыой ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х. Жамалов